



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## Іскерлік белсенділік: индекс баяулағанымен, өсу аясында қалды


2025 жылдың қаңтар айындағы іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ АКС департаментінің директоры  
Рүстем Оразалиннің  
түсіндірмесі

Астана қ.

2025 жыл, 4 ақпан

2025 жылғы қаңтарда іскерлік белсенділік баяулады, алайда, көрсеткіш **50,2**-ні құрай отырып, өткен жылғы ақпаннан оң аймақта келе жатыр.

Көрсеткіш өндіріс пен қызмет көрсету секторында индекс төмендеуіне байланысты баяулады. Бұл секторларда іскерлік белсенділік тиісінше **49,9-ға** және **49,7-ге** дейін (2024 жылғы желтоқсандағы тиісінше 50,4-тен және 50,2-ден) төмендеп, теріс аймаққа өтті. Көрсеткіш сауда мен құрылыста ғана тиісінше **51,6** және **51,2** құрап (2024 жылғы желтоқсанда тиісінше – 52,1 және 53,9), оң аймақта қалды. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде индекс **49,9-ға** дейін (48,3-тен) өскеніне қарамастан, әлі де теріс аймақта қалып отыр.



2025 жылғы қаңтарда **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** жақсарды. Бизнес жүргізудің қазіргі және келешек жағдайын бағалау көрсеткіші де жақсарды. Сол себепті бизнес-ахуал индексі 12,8 болып, арта түсті. Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу аймағында** қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өнімдеріне/көрсетілетін қызметіне сұраныс артты. Көрсеткіш бәсеңдегеніне қарамастан, ең жоғары сұраныс құрылыста байқалып отыр. Жалпы экономикада сұраныс өсті, бірақ салалар бойынша өзгеріс әртүрлі бағытты көрсетті. Респонденттер инфрақұрылымның өзгеруіне оң баға берсе, қалған факторларды (бизнесі қорғау мәселесін, салық жүктемесін және қаржыға/кредитке қолжетімділікті) теріс бағалады, әсіресе салық жүктемесін бағалау көрсеткіші нашарлады.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)